



УҚАЛАУШЫ

(МАССАЖШЫ)



Уқалаушы (массажшы)- өмдік немесе сауықтыру мақсатымен денеге механикалық әсерін тигізуімен айналысатын уқалаушы маман.



Уқалаушы өмдік немесе сауықтыру мақсатымен денеге механикалық әсерін тигізуімен айналысатын уқалаушы маман.

Уқалаушы адам ағзасының жүйелеріне ерекше механикалық әдістер арқылы әсер етеді: сипалау, илеу, сылау, ұрғылау және т.б. Ұқалауды орындау әдістері әртүрлі, бірақ оның мәні дененің нақты уқаланып жатқан мүшелерінде қан айналымын күшейтіп, зат алмасу процестерін қарқынды жүргізу.

Дәл осы себептен көптеген ауруларды емдеу, жарақаттан кейін қалпына келтіру, шаршағандықты тез басу, физикалық қалыпты жақсарту және жай ғана жақсы демалу үшін уқалау қызметін пайдаланады. Уқалаушының негізгі құралы болып — дайындықты талап ететін өзінің қолдары болып келеді.

Уқалаудың жеке түрлерінде басқа да құралдар қолданады: қол таяқшалары және электромеханикалық (вибромассажерлар). Бұл жұмыс біршама қарқынды қатынаста жүреді, яғни уқалаушылар өз клиенттерімен белсенді түрде жұмыс жасайды. Осы мамандықтың шеңберінде мамандандырудың қатарлары бар: емдік және профилактикалық, спорттық уқалау, және уқалаудың бейдәстүрлі түрлері.





Уқалаушының еңбегі мамандандырылған салондарда, фитнес-клубтарда, емдік-профилактикалық мекемелерде және спорттық ұйымдарда әрқашан сұраныста болады. Осы жұмыс әрине арнайы жабдықталған бөлмелерде орындалады. Уқалау жұмысы физикалық күш салуды талап етеді, ал соның салдарынан қол буындарының кәсіптік ауру түрлері пайда болуы мүмкін.

Уқалаушы мамандығын арнайы мамандандырылған курстарда алуға болады, бірақ еңбек нарығында әрине жоғарғы медициналық немесе арнайы орта білімі бар адамдар сұраныс алады. Уқалаушының өте жақсы физикалық дайындығы болуы тиіс, әсіресе мықты және сезімтал қолдары. Өзінің мүмкіндіктерінен басқа уқалаушы адамға медициналық білімнің негіздері қажет болады, себебі кейбір ауруларда уқалаудың жеке түрлері керісінше адамға зиянын тигізуі мүмкін. Бұл мамандықтың жұмысы жоғарғы жауапкершілікпен байланысты, өйткені сай келмейтін немесе дұрыс жасалмаған уқалау жұмысы адам денсаулығының нашарлануына, тіпті ауыр дертке әкелуі әбден мүмкін. Еңбек нарығында уқалаушыларға деген сұраныс орташа деңгейде, себебі жұмысберушілер жұмыс өтіліне және білімге қатты назар аударады; қысқа мерзімде курстарды аяқтап уқалауды тек өз жолдастарына жасау мүмкін, бірақ арнайы мекемелерге жұмысқа орналасуға жеткіліксіз.

ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ОРТАША ЖАЛАҚЫДАН
БІРАЗ ҒАНА ЖОҒАРЫ.

МАНСАПТА ЖОҒАРЛАУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ БОЛМАШЫ,
СЕБЕБІ ОЛ ТӘЖІРИБЕНІҢ ЖИНАҚТАЛУЫНАН ЖӘНЕ УҚАЛАУ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ТҮРЛЕРІҢ МЕНҒЕРУІМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ, СОНДА ҒАНА ЖАҚСЫ ШАРТТАРҒА ЖӘНЕ
ЖОҒАРҒЫ ЕҢБЕККЕ ТАЛАП ЕТУГЕ БОЛАДЫ. УҚАЛАУШЫ
ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ
МӘДЕНИЕТТІҢ САУЫҚТЫРУ САЛАЛАРЫНДАҒЫ
ЖҰМЫСТАРҒА АУЫСУҒА СЕПТІГІҢ ТИГІЗЕДІ, БІРАҚ ОЛ ҮШІН
АРНАЙЫ БІЛІМ ҚАЖЕТ. ӨЗ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ КӨП
КЛИЕНТТЕРІ БАР ТАЛАП ЕТІЛГЕН МАМАНДАР ТАЛАЙ
ЖАҒДАЙДА ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСТАН ЖЕКЕ ПРАКТИКАҒА
КӨШЕДІ.



МАМАНДЫҚТЫ ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖДЕ АЛУҒА БОЛАДЫ:

ПАВЛОДАР Қ, ИСА БАЙЗАҚОВ КӨШЕСІ, 151

ТЕЛ/ФАКС 8 (7182) 67-49-71

САЙТ: [HTTP://PVLMEDCOLLEGE.KZ](http://pvlmedcollege.kz)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТАЛЫҚ МЕКЕНЖАЙЫ: MC_PAVLODAR@MAIL.RU